

достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың нәтижесі балалардың оқуына және коллективті дамуына әсер ететінін көрсетеді. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болуы, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады. Түрткі болу дегеніміз сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет.

Сынақтан өткізу дегеніміз сынақтан өткізуге арналған сұрақтар оқушыларға анағұрлым толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет.

Іс-тәжірибеден өту кезінде сабақтарымда топқа берілген тапсырмада да диалогтік оқыту көрініс тапты, себебі әрбір топтағы оқушы сұраққа қалай жауап беру керектігін сыныптасымен ақылдасып, ортақ шешімге келіп отырады. Құнды сұрақтар қойып, қасындағы сыныптастарынан, басқа оқушылардан жауап алып жатқандығын көріп, топ ішінде тұлғааралық байланыс орнаумен қатар, диалогтік оқыту жүзеге асырылып жатқанын көрдім. Әрбір оқушының бойында белсенділік, қызығушылық, бәсекелестік сияқты қабілеттер көрініп, оқушылар бір-бірлерімен жақсы қарым-қатынас жасады. Барлық сабақтарымда диалогтық оқыту көрініс тауып жатты. Алдағы уақытта оқушыларды ашық сұрақтар, құнды пікірлер, идеяларын айтуға дағдыланып, болашақта өз ойларын толықтай жеткізеді деген сенімдемін.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

*Манабаева А.Ш., п.ғ.к., Е.А. Бөкетов атындағы
ҚарМУ доценті,
Нуржан А., БӨЖС-41 тобының студенті*

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама талаптарына сәйкес заманауи мақсаттар мен құндылықтарды жүзеге асыруға

мүмкіндік беру мәселесі өзекті болып танылып отыр. Осыған орай, болашақ мұғалімдерді дайындау мазмұнына өзгеріс енгізіліп жаңа жүйесі жасалып қолданысқа енгізілді.

Оқытудағы басқарушылық және көшбасшылық қазіргі уақыттағы білім саласындағы мұғалімнің көшбасшылығын анықтау, өзекті мәселелерді зерттей отырып, оны ашу. Оқытудағы мұғалімнің басқарушылық қабілеті мен көшбасшылық құндылығын сақтау және анықтау, дамыту.

Оқу үрдісіндегі көшбасшы оқыту мен оқу барысын бақылау, нәтижелерді пайдалану, мұғалімдердің мықты жақтарын анықтап, олардың қажеттіліктерін білу, оқушылар топтары мен мектептің құрылымдық бөлімшелері үшін басымдылықтарды белгілеу арқылы сыныптардың және бүкіл мектептің ішінде не болып жатқанын біліп отырады.

Оқу үдерісіне және оқытушы мен оқушылардың іс-әрекетінің нәтижесіне бағытталған мақсаттарға жауап беретін технология ретінде көшбасшылық болып табылады. Көшбасшы-мұғалімдер оқыту мен оқу үдерісін бақылау, нәтижелерді пайдалану, мұғалімдердің мықты жақтарын анықтап, олардың қажеттіліктерін білу, оқушылар топтары мен мектептің құрылымдық бөлімшелері үшін басымдықтарды белгілеу арқыты сыныптардың және бүкіл мектептің ішінде не болып жатқанын біліп отырады. Көшбасшылық барлық деңгейлерде қажет, себебі мектептегі көшбасшылық идеясын іске асыру маңызды екенін естен шығармай, оқуға бағытталған көшбасшылықты тарату және дамытуға басымдық беру қажет.

Мұғалім жүргізетін дамыту жұмыстары басқаларды серіктестікке шақырып, рефлексия мен өзін-өзі бағалауға қатысты тапсрмаларды қамтиды. Осындай іс—шаралар жиі откізіліп тұруы керек. Оқушылардың арасындағы пікірталастар, өмірде көрген, білгендері туралы пікірлерін жинау, іс-тәжірибе алмасу, пікірлерін ортаға салып талқылау барысында оқушылардың арасында көшбасшылық әрекеттерін анықтауға ықпал етеді. Бұл жағдайда зерттеу жүргізу барысында диалог құру үшін негізгі стратегиясы болып табылады. Егер келісу мен кеңесмі үдерісі дұрыс өтіп жатса, онда дамыту жұмысы джа жоспарға сәйкес өткені деп есептеуге болады.

Оқу сияқты көшбасшылық та адамның тұрақты дамуға жетелейтін негізгі қабілеті болып табылады. сонымен қатар қарапайым мұғалімдер әдетте өздерінің кәсіби шеберліктерін қолданып кез келген ортаға әсер ете алады. Өйткені ол өз біліміне сенімді болады. Мұғалім өз тактикалық дағыларын жетілдіріп, стратегиялық тұрғыдан ойлауды үйренулері керек.

Көшбасшылықтың табысты болуының алты факторы қарастырылады:

Жай бөлініс - персоналдың олар үшін белгіленген лауазымдық нұсқаулықтар шегінде жұмыс істеуінен күтілетін нәтижені меңзейді. Жай бөлініс үдерісінің барлық қызметкерлер үшін жоғары дәрежелі қауіпсіздікті қамтамасыз етуде артықшылығы мол. Маңайдағылар өздерінің қайда екенін біледі. Жай бөлініс батыл, түбегейлі өзгеріс енгізу үшін қажетті талап болуы мүмкін.

Прагматикалық бөлініс - бұл тәсіл болып жатқан оқиғаларға сәйкес әрекет етуді білдіреді және де мектепке сырттан жасалатын, күн сайын күшейіп жатқан қысымға байланысты өзгеріп тұратын жұмыс жүктемесін қамтиды.

Стратегиялық бөлініс - мектепті жетілдіруге бағытталған нақты мақсатқа бағытталушылық-стратегиялық бөліністің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Бұл бөліністі біз, мысалы, мұқият ойластырылған кадрлық тағайындаулардан көре аламыз, ол жағдайда олар жеке дара шеберлігі тұрғысынан емес, негізінен олардың мектептегі көшбасшылықты дамытуға қосқан үлесі тұрғысынан қарастырылады.

Кезеңдік бөлініс - бұл тәсіл прагматикалық жағдаяттық сипатпен қоса, басым бөлігінде кәсіби дамуға бағдарланған стратегиялық сипатқа да ие. Себебі өздеріне көшбасшылық тән екендігін көрсете алған мұғалімдерге жауапкершілік те көп жүктеледі. Мұғалімдер өздерінің көшбасшылыққа қабілетті екендігін қаншалықты дәлелдей алса, оларға жүктелетін жауапкершіліктің мөлшері де соншалықты арта бермек.

Бастамашылық бөлініс - бұндай бөлініс кезінде көшбасшылық мұғалімдерге бөлініп берілмейді, яғни көшбасшыны тағайындамайды, мұғалімдер өздері қабылдайды, сондықтан оны жоспарланған тәсілден гөрі, ерікті деп санауға толық негіз бар. Көшбасшылық қабілеттері бар мұғалімдер өз

еріктерімен белгілі бір үдерісті жүргізу жауапкершілігін өз мойындарына алып, өздері ықпал ететін аймақ ауқымын кеңейтеді, кейде бұл үдеріс басшылықтың қатысуынсыз да болып жатады.

Мәдени бөлініс - бұл жағдайда «кім» дегеннен гөрі, «не» дегенге баса назар аударылады. Көшбасшылық нақты қызмет саласында және жекелеген адамдардың бастамасы бойынша жүргізіледі. Мұғалімдер әріптестерімен бірлесе отырып, бастама білдіреді, оларда ешқандай басшы, жетекші деген болмайды. Бұл адам рухының, қайратының көрінісі, мектептің орныққан дәстүрлері, оның жалпы мәдениетінің көрсеткіші десе де болады. Көшбасшылықты бөлудің бұл түрі өзара қарым-қатынастардың төрт түріне байланысты:

Құрметтеу - басқаның пікірін тыңдау және бағалау;

Жеке қарым-қатынас - кәсіби өзара қарым-қатынасты қолдайтын орнықты жеке қарым-қатынас;

Құзыреттілік - басқалармен өзара қарым-қатынас барысында күтілетін нәтижеге қол жеткізе білу;

Адалдық - өзара сенімді және шынайы қарым-қатынас.

Оқытуды басқару және көшбасшылық тұжырымдамасы мұғалімдердің пайдаға асырылмаған зор әлеуеті бар, оларды өзгеріс енгізу тәжірибесіне, бірлескен кәсіби білім құруларына көмектесетін қолдау көрсетілген жағдайда ғана көруге болады деген ұстанымға негізделеді. Ол педагогикалық жүйе сәтті болу үшін, оқыту мектептің барлық деңгейінде қатар жүру керек, яғни оқыту оқушыларды, студенттерді, мұғалімдерді және де мектеп жүйесінде жұмыс істейтін қосымша қызметкерлерді түгел қамту керек деген көзқарасқа сүйенеді. Дэвид Фрост пен Кембридж университеті қолдау көрсеткен Хертс Кэм Нетворк желісі және «Мұғалім көшбасшылығы» халықаралық жобасы ұсынған тұжырымдамасымен оқытудағы көшбасшылық аясындағы қызметке негіз болған мұғалім көшбасшылығын дамыту жұмысымен тығыз байланысты болып келеді. Мұғалімдер үшін көшбасшылықтың маңызын қарастыратын болсақ, оның бірнеше мәні бар:

- мұғалім өзінің оқыту және оқу үдерістерін түсінуін нақтылау;

- оқыту және оқу үдерістерін әріптестерімен талқылауға мүмкіндік беру;

- ересектерді де, балаларды да оқыту үшін барынша қолайлы жағдай жасау арқылы оқудың жоғары мәдениетті деңгейін орнату;

- оқудың қажетті ауқымын стандартты жетілдірумен шектемей, одан әрі кеңейту;

- оқушылардың оқу үдерісіне тартылуы;

- әріптестерді кәсіби дамыту үшін барлық оқушылардың мүмкіндіктерін бөлуге болатындығына сенімді болу;

- оқыту мен оқу үдерістеріне әлеуметті, ата-аналар мен тиісті мүдделі адамдарды тарту.

Мұғалімдер дамыту жұмыстарын жүргізу барысында рефлексияны, жоспар құруды, кеңес беруді біртіндеп жүзеге асыру арқылы қолдау таба алады. Алғашқы қадам-әрбір ұстаз үшін маңызды шешімдерді талап ететін құндылықтар мен мәселелерді анықтау.

Бұл үдеріс жалпы түрде төмендегідей кезеңдерде айқындалады:

1 кезең. Құндылықтарды анықтау.

2 кезең. Кәсіби міндеттерді анықтау.

3 кезең. Дамыту бағдарламасын құруға арналған келісім мен кеңестер.

4 кезең. Атқарылатын жұмыстардың жоспарын құру.

5 кезең. Атқарылатын жұмыстардың жоспарын құруға арналған келісім мен кеңестер.

6 кезең. Зерттеуге негізделген көшбасшылықты дамыту бойынша жұмыс.

7 кезең. Кәсіби білімдердің дамуына жәрдемдесуге ықпал ететін желілік қоғамдастықтағы жұмыс.

Сабақта қарастырылған жеті модульді бір бірінен бөліп қарастыруға болмайды. Себебі топпен жұмыс барысында оқушылар бірін-бірі толықтырып отырады. Соның ішінде осы модуль сын тұрғысынан ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Ол оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту барысында тақырыптарға сәйкес идеяларды синтездеу қабілеті. өздерінің оқуына қатысты таңдау жасау және басқалардың идеяларына күмәнмен қарау ретінде қарастырылады. Ал мұғалімдердің сын

тұрғысынан ойлауын дамыту мәселесіне орай, өз тәжірибесінде жаңа технологияларды қолдану, нәтижесін бағалау әрекеттерін сын тұрғысынан бағалауды қамтиды.

Бүгінде білім беру жүйесінде осы көшбасшылық тұжырымдамасының негізіне сүйеніп өзгереді. Олар осы идеяларға сәйкес өз тәжірибелерінің кейбір тұстарын анықтайды, зерттеу жүргізеді, бағалайды және жетілдіреді. Аталған модуль оқушылардың қажеттіліктерін түсінуге қатысты пікірлерін, тақырыпқа сәйкес негізгі идеяларын топта ұсынып, дәлелдеп, дұрыстығына көз жеткізу арқылы көшбасшылық қағидалары жүзеге асырылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 MacBeath J., Frost, D., Swaffeld, S. And Waterhouse J., (2006). Leader ship for Learning: Making the Connections. (Оқытудағы көшбасшылық: Байланыс орнату). Cambridge University of Cambridge Faculty of Education

2 <http://bilim-all.kz/jospar/1220-Basqaru-zhane-koshbasshylyq>

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДА СТИЛИЗАЦИИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

*Половец О.И.,
студентка группы ИИЧ-24 с.п.
КарГУ им. Е.А. Букетова
Салкимбаева С.А.,
м.п.н., старший преподаватель.
КарГУ им. Е.А. Букетова*

Актуальность развитие творческих способностей учащихся на уроках изобразительного искусства методом стилизации обоснована тем, что именно сейчас, в век научно-технического прогресса, когда получили развитие современные технологии, общество, как никогда нуждается в творческих, смелых, инициативных личностях. Этот прогресс и будет зависеть от